

**«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы**

«YMЗ» АҚ Директорлар кеңесінің  
сырттай отырысының

2020 ж. «26» 05 № 7 хаттама  
шешімімен бекітілді


«YMЗ» АҚ Басқармасының

2020 ж. «20» 03 № 14/1212  
шешімімен мақұлданды

**«YMЗ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ЖӘНЕ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ**

**Әзірледі**


Қауіпсіздік және тәртіп жөніндегі  
директордың м.а.

 Р. Надточий

«26» 02 2020ж.

**Келісілді**

«YMЗ» АҚ ҚЖК» ҚБ  
Кесіподак комитетінің төрағасы

 А. Феоктистов

«26» 02 2020ж.

Оскемен қ.

## 1. Мақсаты

1.1 «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі осы Саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметінің негізгі бағыттарын және Қоғам қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жалпы тәртіп ережелерін айқындайды.

1.2. Саясат сыйбайлас жемқорлықтың/сыйбайлас жемқорлықтың алдын алушын, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық бұзушылықтардың зардаптарын барынша азайтудың және/немесе жоюдың басқарушылық және үйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.3. Осы Саясаттың ережелері қоғамның еншілес және тәуелді үйымдарын қоса алғанда, Қоғамның сақтауы үшін міндетті болып табылады.

## 2. Терминдер мен анықтамалар

Осы саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

**2.1 Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (сыртқы және ішкі)** - сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

**2.2 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг** – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыйбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауға қатысты ақпаратты жинау, өндеу, қорыту, талдау және бағалау бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі.

**2.3 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер** - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер.

**2.4 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт** - Қоғам қызметі үшін белгіленген сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі (осы Саясатқа 1-қосымша).

**2.5 Жақын туыстар** – ата-аналары (ата-ана), балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағаінілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері.

**2.6 Жекжаттар** - жұбайының (зайыбының) ағалы-інілері, апалы-сіңлілері, ата-аналары және балалары.

**2.7 Контрагент** – еңбек қатынастарын қоспағанда, Қоғаммен шарттық қатынастарды ресімдеу процесінде болатын немесе болатын кез келген қазақстандық немесе шетелдік занды немесе жеке тұлға (оның ішінде жеке кәсіпкерлер).

<sup>1</sup> Үйымдастыру-өкімдік функциялары деп Қазақстан Республикасының Занында белгіленген тәртіппен берілген қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бүйректар мен өкімдер шығару, сондай-ақ қарамағындағыларға қатысты көтермелейу және тәртіптік жаза қолдану құқығы түсініледі.

**2.8 Коммерциялық сатып алу** - коммерциялық немесе өзге үйымда басқару функцияларын орындастын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мулікті заңсыз беру, сол сияқты оған өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесінде жалпы қамқорлығы немесе қызметі бойынша салғырттығы үшін муліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

**2.9 Бақылау ортасы** - тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері шенберінде жұмыс істейтін ішкі бақылау рәсімдерінің кешені. Бақылау ортасы ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің негізі болып табылады және оның қалған компоненттеріне әсер етеді.

**2.10 Мүдделер қақтығысы** - Қоғамдағы басқару функцияларын атқаратын адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.

**2.11 Комплаенс корпоративтік жүйесі** - заңнама талаптарын, салалық нормалар мен Қоғамның ішкі құжаттарын бұзуға жол бермеуге бағытталған іс-шаралар мен алдын алу іс-қимылдарының кешені.

**2.12 Корпоративтік алаяқтық** - жеке және/немесе заңды тұлғалардың (қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда) Қоғам мүдделеріне нұқсан келтіріп, өзге тұлғаның жеке пайдасын және/немесе пайдасын алу және/немесе алдау, сенімге қиянат жасау, жаңылыстыру немесе өзге де жолмен қоғамға материалдық және/немесе материалдық емес залал келтіру мақсатында әрекеті немесе әрекетсіздігі. Корпоративтік алаяқтық қаржылық есептілікті, сыйбайлас жемқорлық әрекеттерін бұрмалау, сондай-ақ қоғам активтеріне қатысты ұрлану және өзге де асыра пайдалану, соның ішінде қасақана бұзу және басқа да бұзушылықтар түрінде көрінеді. Корпоративтік алаяқтықтың мысалдары осы Саясатқа 2-қосымшада келтірілген.

**2.13 Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** - сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарындағы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), ол үшін заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

**2.14 Сыйбайлас жемқорлық** - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы муліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен осы адамдарды сатып алу.

**2.15 Қоғамда басқару функцияларын атқаратын тұлға (осы Саясатқа қатысты)** - Қоғамда үйымдастыру-әкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша атқаратын тұлға.

**2.16 Мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілетті тұлғаларға теңестірілген тұлға** - Қоғамда, яғни квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқару функцияларын атқаратын адам.

**2.17 Омбудсмен** – Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындағының тұлға, оның рөлі оған жүгінген Қоғам қызметкерлеріне, Қоғамның еншілес және тәуелді үйымдарына кеңес беру, еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Қоғам және оның еншілес және тәуелді үйымдары қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсету болып табылады.

**2.18 Қолданылатын заңнама** - Қоғамның Жалғыз акционерінің бағалы қағаздары – «Қазатомөнеркәсіп «ҰАҚ» АҚ үйымдастырылған нарықтағы саудаға жіберілген Қазақстан Республикасының заңнамасы, сондай-ақ басқа да юрисдикциялардың (экстерриториалдық сипаты бар) шетелдік заңнамасы.

**2.19 Жұмыскер** – жұмыс берушімен (Қоғаммен) еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындағының жеке тұлға.

**2.20 Үшінші тұлғалар** – Қоғаммен шарттық қатынастары жоқ жеке немесе заңды тұлғалар.

**2.21 Залалдар** - Қоғам құқықтары бұзылған, оның мүлкін жоғалтқан немесе бұлдірген (нақты залал) жағдайда жасаған немесе жасауға тиіс шығыстар, сондай-ақ егер оның құқығы бұзылмаған болса, қоғам айналымның әдеттегі жағдайында алатын алынбаған табыстар (жіберіп алған пайда).

Осы Саясатта пайдаланылатын өзге терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, қолданыстағы өзге де заңнамада және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мағынаға ие.

### **3. Жалпы ережелер**

**3.1** Осы Саясат сыйбайлар жемқорлыққа қарсы қолданылатын заңнама мен қоғам құжаттарының талаптарына, оның ішінде:

- Біріккен Ұлттар үйімінің (БҰҰ) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы 31.10.2003 ж. конвенциясы (Қазақстан Республикасының 4.05.2008 ж. Заңымен бекітілген);
- Ұлыбританияның «Парақорлықпен күрес туралы» заңы (The UK Bribery Act 2010);
  - Қазақстан Республикасың Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;
  - Қазақстан Республикасының 18.11.2015 ж. № 410-V «Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы;
  - «Қазатомөнеркәсіп «ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.11.2019 ж. №11/19 шешімімен бекітілген сыйбайлар жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі «Қазатомөнеркәсіп «ҰАҚ» АҚ саясаты.;

- Қоғамның директорлар кеңесінің сырттай отырысының 27.03.2020 ж. № 5 шешімімен бекітілген «Ұлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының Корпоративтік этика және комплаенс кодексі;;

Жалғыз акционердің шешімімен («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Басқармасының 09.09.2015 ж. №414 шешімімен) бекітілген «Ұлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

3.2 Бұл саясат Қоғамның мәлімделген мақсатқа қол жеткізуі үшін аса маңызды құжаттардың бірі болып табылады және Қоғамда басқару қызметін атқаратын тұлғаларға, Қоғам қызметкерлеріне, қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдары мен контрагенттерге қатысты Қоғам қоятын басты қағидаттар мен талаптарды айқындайды.

#### **4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері мен тұрлери**

4.1. Қоғам қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың әлеуетті субъектілеріне:

4.1.1 Қоғамдағы басқару қызметін атқаратын тұлғалар.

4.1.2 Қоғам атынан әрекет ететін, өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе тартып алу мақсатында заңсыз пайдаланатын жеке және занды тұлғалар, сол сияқты жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларды, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларды, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларды теңестірілген тұлғаларды, лауазымды тұлғаларды мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы парага сатып алу.

4.1.3 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде және өзге де қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де тұлғалар жатады.

4.2 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар:

4.2.1 жеке немесе занды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер, не қызметтер көрсетуі, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса;

4.2.2. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаның не оған теңестірілген адамның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не оларды ұсынған адамдардың пайdasына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін қызметтер алып, егер мұндай іс-әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса;

4.2.3 мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының

өздеріне заңнамамен жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен айналысы не белгіленген қаржыландыру көздерінен басқа материалдық игіліктер мен артықшылықтар қабылдау;

4.2.4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары басшыларының не жауапты хатшыларының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдарының өз өкілеттігі шегінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде не сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі өздеріне бағынысты адамдарға қатысты шаралар қолданбауы, не аталған шараларды Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып қабылдау не кінәлі адамдардың тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік кіріс органдарына тиісті ақпарат бермеу;

4.2.5 Қоғам басшысының бұрын сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдауы.

4.3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде көзделген сыйбайлас жемқорлық қылмыстар деп танылады.:

4.3.1 лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану;

4.3.2 билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

4.3.3 лауазымды адамның өкілеттігін беру;

4.3.4 кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

4.3.5 заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау;

4.3.6 пара алу;

4.3.7 пара беру;

4.3.8 паралыққа делдалдық;

4.3.9 қызметтік жалғандық;

4.3.10 қызмет бойынша әрекетсіздік;

4.3.11 немкүрайлылық.

4.4 Қоғам мынадай әрекеттерді қоғам қызметіне жол берілмейтін және сыйыспайтын әрекеттер ретінде қарайды:

4.4.1 Қоғамның мұдделеріне қайшы келетін қандай да бір құндылықтарды (материалдық немесе материалдық емес) алуға тікелей немесе жанама уәде беру, ұсыныс жасау немесе рұқсат беру;

4.4.2. Кез келген жеке, заңды тұлғалардың ұсынысы немесе 3.3-тармақта көрсетілген тұлғалардың қабылдауы. Заңда және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарында көзделмеген кез келген мүліктік игіліктер (оның ішінде «қайтару», қарыз, қаламақы, сыйақы, женілдіктер немесе басқа да пайда);

4.4.3 меншік құрылымы ашық болып табылмайтын жалған ұйымдарға немесе ұйымдарға төлемдер;

4.4.4 оффшорлық банк шоттарына төлемдер;

4.4.5 мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғалардың және оларға теңестірілген тұлғалардың, олардың жақын туыстарына тиесілі немесе бақыланатын заңды тұлғаларға төлемдер;

4.4.6 қолма-қол, облигациялар және өзге де бағалы қағаздар түрінде заңсыз сыйақы беру және / немесе алу;

- 4.4.7 негізсіз жеңілдіктер алу;
- 4.4.8 сыйлықтар беру және/немесе алу, оның ішінде қолма-қол ақша түрінде;
- 4.4.9 бұрын сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау;
- 4.4.10 алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен материалдық және материалдық емес активтерді заңсыз иемдену;
- 4.4.11 рұқсат етілмеген чектерді, борыштық міндеттемелерді, вексельдерді немесе жалған айырбастау мәмілелерін пайдалана отырып жасалған заңсыз іс-әрекеттер;
- 4.4.12 ақпараттық технологияларды пайдаланумен алаяқтық әрекеттер;
- 4.4.13 мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану.

## **5. Сыйбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

5.1 сыйбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл кезінде Қоғам мынадай қағидаттарға негізделеді:

5.1.1 **Корпоративтік алаяқтықтың қабылданбауы:** Қоғам Корпоративтік алаяқтықтың кез келген көріністерін қабылдамайды және корпоративтік алаяқтыққа қарсы тұруға бағытталған іс-шаралар мен алдын алу іс-қимылдарын кешенді жүзеге асырады.

5.1.2. **Жоғары басшылықтың үлгісі (Tone at the Top):** Қоғамның, Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының басшы қызметкерлері барлық деңгейлердегі алаяқтық пен сыйбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне ымырасыз көзқарасты көрсетуі тиіс.

5.1.3. **Жазалаудың бұлтартпастығы:** Қоғам Корпоративтік алаяқтықтың кез келген түріне ымырасыз көзқарасты көрсетуі, корпоративтік алаяқтық туралы келіп түскен хабарламаларға уақтылы ден қоюы, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа немесе бақылау рәсімдерінің бұзылуына кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуы тиіс.

5.1.4 **Үйлеспейтін міндеттерді бөлу:** Қоғам корпоративтік алаяқтықтың пайда болу және/немесе жасыру тәуекелдерін азайту мақсатында лауазымдық міндеттерді тиісті түрде бөлуді қамтамасыз етеді (яғни, бір қызметкерге әзірлеу, бекіту, қолдану, мониторинг және бағалау функцияларын бір мезгілде бекітуге жол берілмейді).

5.1.5 **Мұдделер қақтығысын болдырмау:** Қоғам Қоғамда басқару функцияларын атқаратын тұлғалар мұдделер қақтығысы болған жағдайда лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмауы тиіс деп есептейді. Аталған тұлғалар туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе ол туралы өздеріне белгілі болғаннан кейін оның туындауы мүмкін екендігі туралы тікелей басшыға не Қоғам Басқармасының Төрағасына немесе Омбудсменге жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

5.1.6 **Тиісті сақтық:** Қоғам контрагенттермен, жұмысқа келген

үміткерлермен және басқа үшінші тұлғалармен іскерлік қатынастар туындаған/жалғасқан кезде, олардың сенімділігі мен мұddeлдер қақтығысының болмауын уақтылы тексеруді жүзеге асыра отырып, тиісті сақтық танытады.

**5.1.7. Қызметкерлер мен мұddeл үшінші тұлғалардың тартылуы:** Қоғам қызметкерлер мен мұddeл үшінші тұлғаларды қысқа мерзімде осы Саясат талаптарының ықтимал бұзылу белгілерінің болуы және корпоративтік алайқтықтың не сыйбайлас жемқорлықтың жасалғанын қуәланышыратын фактілер туралы хабарлауға шақырады.

**5.1.8. Жауап шаралары мен санкциялардан бас тарту:** Қоғам Корпоративтік алайқтық пен сыйбайлас жемқорлық белгілері, бақылау рәсімдерін бұзу және өзге де теріс пайдалану туралы адал хабарлаған қызметкерге қатысты негізсіз Санкциялар, оның ішінде жұмыстан шығару, сыйлықақысын есептемеу немесе лауазымын жоғарылатудан бас тарту қолданылмайтынын мәлімдейді. Бұған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жауаптылыққа жататын сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдар жатпайды.

**5.2** Қоғамда басқару функцияларын атқаратын тұлғалар міндеттемеге қол қою арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өздеріне қабылдайды (3-қосымша).

**5.3** Қоғам персоналы жөніндегі директор Қоғамда басқару функцияларын атқаратын тұлғалардың жұмысқа орналасу кезінде де, еңбек қатынастары кезеңінде де жазбаша түрде Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті шектеулерді қабылдауға келісімін тіркеуді қамтамасыз етеді.

## **6. Сыйбайлас жемқорлыққа және алайқтыққа қарсы іс-қимыл жүйесін қалыптастырудың негізгі қағидаттары**

**6.1** Зандылық: Қоғам, Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдары қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтайтын және олардың кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайши келмейді.

**6.2** Уақтылығы: Қоғам Қоғам қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерді, оның ішінде корпоративтік алайқтықтың ықтимал белгілерін ерте анықтауға және анықталған белгілерге барынша тез әрекет етуге бағытталған бақылау рәсімдерін енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық пен алайқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін қалыптастыруға ұмтылады

**6.3** Кешенділік: Қоғам материалдық және материалдық емес активтердің кешенді сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

**6.4** Орталықтандырылған басқару: Қоғам Корпоративтік алайқтық пен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлуді қамтамасыз етеді.

**6.5** Қоғам алайқтық пен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің жүйелілігі мен үздіксіздігі қағидаты: Қоғам алайқтыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлық қызметіне тартылудың алдын алу жөніндегі рәсімдер барынша ашық, орындалатын және орынды жауап беретін анықталған тәуекелдерге болуына ұмтылады.

6.6 Өзара іс-қимыл және үйлестіру: Қоғам, Қоғамның еншілес және тәуелді үйымдары барлық мұдделі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын үйлестіруді, сондай-ақ корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл процесінде мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

## 7. Ұлыбританияның «Парақорлықпен күрес туралы» Заңында көзделген бұзушылықтар мен жауапкершіліктің негізгі түрлері

7.1 Ұлыбританияның «Парақорлықпен күрес туралы» Заңы Ұлыбританияда бизнесі бар барлық үйымдарға қолданылады. Бұл заң сыйбайлас жемқорлық қылмыстарын парақорлықты болдырмауға корпоративтік қабілетсіздік түрінде қарастырады. Осы заң құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті «белсенді» және «пассивті» деп бөледі:

- «белсенді» бұзушылықтар пара беруді және мемлекеттік/шетелдік мемлекеттік қызметкерлерді сатып алууды қамтиды;
- «пассивті» бұзушылықтар пара алууды және коммерциялық үйымның сыйбайлас жемқорлық қызметін болдырмауға қабілетсіздігін, яғни үйымда сыйбайлас жемқорлықты болдырмауға бағытталған барабар рәсімдердің болмауын қамтиды.

7.2 Ұлыбритания «Парақорлықпен күрес туралы» Заңына сәйкес алаяқтық жағдайларын қарау кезінде мынадай факторлар ескерілмейді:

- үйым пара туралы біле ме;
- параны кім төледі: қызметкер немесе агент-тұлға,
- үйым мұддесінде немесе үйым атынан қызметті жүзеге асыратын;
- құқық бұзушылық қай елде жүзеге асырылды.

7.3 Жеке тұлғалардың пара беруге (соның ішінде шетелдік мемлекеттік қызметшілерге) немесе пара алуға байланысты жасаған сыйбайлас жемқорлық бұзушылықтары үшін жауапкершілік: 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру және/немесе шексіз мөлшерде айыппұл.

7.4 үйымның сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау қабілетсіздігіне байланысты заңды тұлғалар жасаған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік: мөлшері Ұлыбритания Заңымен шектелмеген айыппұл.

## 8. Сыйбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл процесінің кезеңдері

### 8.1 Бақылау ортасын жетілдіру:

Қоғамда қолданыстағы заңнамаға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес бақылау ортасын жетілдіру жөніндегі шаралар тұрақты негізде әзірленеді, соның ішінде:

8.1.1 Қоғамда қабылданған нормалар мен қағидаттар және басқа да тәсілдер туралы ақпараттандыру арқылы сыйбайлас жемқорлық әрекеттерін қоса алғанда, корпоративтік алаяқтықтың кез келген нысандары мен көріністеріне төзбеушілік қарым-қатынас жасау;

8.1.2 Қоғамда бұзушылықтар туралы хабарлағандарға құпиялыққа кепілдік беретін кез келген бұзушылықтар мен мүдделер қақтығыстары туралы оның ішінде анонимдік ақпарат жүйесін құру;

8.1.3 контрагентті таңдау және жұмысқа кандидаттарды іріктеу кезінде тиісті сақтық қағидатын іс жүзінде жүзеге асыру;

8.1.4 үйлеспейтін міндеттерді бөлу принципін іске асыру және оның сақталуын бақылау;

8.1.5 тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша, оның ішінде корпоративтік алайқтық пен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде оқыту жүйесін жетілдіру;

8.1.6 ішкі аудит/тексерулер мен тергеулерді жүргізу.

8.2 Корпоративтік алайқтық және сыйбайлас жемқорлық белгілерін анықтау:

Корпоративтік алайқтықтың, сыйбайлас жемқорлықтың немесе бақылау рәсімдерінің басқа ықтимал немесе белгілі бұзушылықтарына тап болған немесе анықтаған Қоғамның, Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмыскері немесе кез келген үшінші тұлға бұл туралы келесі байланыс арналарының бірі бойынша хабарлауы тиіс:

- электрондық пошта мекенжайына: [sk.hotline@deloitte.kz](mailto:sk.hotline@deloitte.kz);
- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының жедел желі телефонына: 8 800 080 19 94;
- интернет-порталда ақпарат қалдыру: [sk.deloitte-hotline.com](http://sk.deloitte-hotline.com);
- «YMZ» АҚ Қауіпсіздік және режим жөніндегі директор қызметінің сенім телефондары: 8 (7232) 29-81-72, 29-81-08, 29-81-41;
- пошта мекенжайына: 070005, Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102, «YMZ» АҚ, қауіпсіздік және режим жөніндегі директорына «Жеке - жұмыскерлер ескертеді» белгісімен.

Жоғарыда аталған байланыс арналары бойынша өтініш жасаған кезде Қоғам жұмыскері келесі ақпаратты (бар болса) көрсету қажет:

• сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа бейім тұлға, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық немесе алайқтық әрекеттерге тартылған куәлар немесе басқа да тұлғалар туралы;

• Қоғам жұмыскері жасауға бейім сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың мәні, оған көндіру тәсілі (сатып алу, шантаж, қорқыту, қорқытып алу, пара ұсыну және т. б.) туралы;

• сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа бейімдеу уақыты, орны және басқа да жағдайлары туралы;

Жоғарыда мазмұндалған арналар бойынша өтініш жасырын қалдырылуы мүмкін, бірақ, деректерді айқындауға байланысу үшін және хабарламаны қарау нәтижелері туралы хабарлай алатындей, жеке тұлға қалауымен тегін, аты-жөнін және/немесе байланыс деректерін көрсете алады.

Қоғам Корпоративтік алайқтық пен сыйбайлас жемқорлық белгілері туралы хабарлаған барлық жұмыскерлер мен өзге де тұлғалардың құпиялылығына кепілдік береді.

8.3 Сыйбайлас жемқорлық және алайқтық белгілері анықталғаннан кейінгі іс-әрекеттер:

Мүмкін болатын корпоративтік алаяқтық, сыбайлас жемқорлық немесе өзге де бұзушылық белгілері туралы хабарлама алған жоғары тұрған басшы, Омбудсмен немесе тәуекелдер және комплаенс жөніндегі Офицер қауіпсіздік және режим жөніндегі директордың атына, бұзушылықтың болжамды кезеңі, бұзушылықты анықтау тәсілі, бұзушылықта тартылған тұлғалар, залал мөлшері (егер ол анықталса), сондай-ақ өзінің қызметі шенберінде қабылданған шаралар туралы ақпаратпен қоса мүмкін болатын корпоративтік алаяқтық немесе өзге де бұзушылықтың сипаты туралы қызметтік жазба жасайды.

8.4 Корпоративтік алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық белгілері туралы ақпаратты алдын ала тексеру:

Қауіпсіздік және режим жөніндегі директор және/немесе Қоғам Омбудсмені корпоративтік алаяқтық, сыбайлас жемқорлық немесе бақылау рәсімдерінің өзге де бұзылу белгілері туралы, соның ішінде жұмыс тобын тарта отырып қызметтік тергеуге бастамашылық жасаудың орындылығын айқындау мақсатында Қоғамда бар байланыс арналары арқылы алынған белгілер туралы алынған ақпаратқа алдын ала тексеру жүргізеді.

Алдын ала тексеру алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, ұрлық, жетіспеушілік, материалдық құндылықтардың бүлінуі, құпия және инсайдерлік ақпараттың жоғалуы және бақылау рәсімдерін бұзудың өзге де фактілері туралы ақпаратты келесі көздерден алған жағдайда да бастамашылық жасалуы мүмкін:

- қоғам және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдар жұмыскерлерінің қызметтік жазбалары;
- қоғамның және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарының атына жолданған азаматтардың өтініштері мен хаттары;
- мемлекеттік органдардың хабарламалары мен хаттары;
- БАҚ хабарламалары;
- Қаржы-шаруашылық қызметтін тексеру, түгендеу, ревизия және т. б. нәтижелері бойынша есептер;
- қоғамның ішкі аудит қызметтін тексеру бойынша есептер;
- өзге материалдар немесе құжаттар.

Хабарламаларды алдын ала тексеру барысында бұзушылықтың негізгі жағдайлары, оның ішінде бұзушылық белгілерінің болуы немесе болмауы, оның негізгі элементтері және залалдың болуы белгіленеді. Қызметтік тексеру жүргізудің орындылығы анықталған жағдайда Омбудсмен немесе Қоғамның қауіпсіздік және режим жөніндегі директоры Қоғамның Басқарма Төрағасын қызметтік тексеру жүргізу қажеттілігі туралы хабардар етеді.

8.5 Корпоративтік алаяқтық және сыбайлас жемқорлықты қызметтік тексеру:

Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты қызметтік тексеру Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрығымен тағайындалған комиссиямен жүргізіледі.

Қызметтік тексеру нәтижелері Басқарма Төрағасына ұсынылады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда Қоғам Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарына тиісті материалдар табысталады.

Анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық Қоғамның (оның ішінде корпоративтік алаяқтық) тікелей немесе атқаруши органды мүшелерінің қатысуымен жасалған жағдайларда, қызметтік тексеру нәтижелерін Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына беріледі.

#### 8.6 Зиянды өтеу және жауапкершілікке тарту:

Қоғамға және (немесе) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарына келтірілген материалдық залалды өтеу, сондай-ақ кінәлі адамды жауапқа тарту қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

#### 8.7 Корпоративтік алаяқтықты және/немесе сыбайлас жемқорлықты болдырмау бойынша ұсынымдар әзірлеу:

Қызметтік тексеру нәтижелері бойынша Қоғамның қауіпсіздік және режим жөніндегі директоры Ішкі аудит қызметімен бірлесіп ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді. Қажет болған жағдайда, қауіпсіздік және режим жөніндегі директор және/немесе ішкі аудит қызметі болашақта корпоративтік алаяқтықты және/немесе сыбайлас жемқорлықтың қайталану мүмкіндігін жою мақсатында дайындалған ұсынымдар негізінде Қоғамның ішкі құжаттарына өзгерістер енгізуге бастамашылық жасайды.

#### 8.8 Бақылау және аудит:

Қоғам ішкі бақылау жүйесінің, атап айтқанда бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүйесінің, сондай-ақ комплаенс жүйесінің тиімділігіне тұрақты баға береді.

### 9. Жауапкершілік және өкілеттік

9.1 Қоғамның барлық жұмыскерлеріне сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша тікелей дербес жауапкершілік жүктеледі.

9.2 Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің басшысына оның құрылымдық бөлімшесі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарес заңнаманы және осы Саясаттың қағидаларын сақтауларын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдау міндеті жүктеледі.

9.3 Қоғамда басқару функцияларын атқаратын тұлғаларға, Қоғам жұмыскерлеріне, Қоғам атынан немесе оның мүддесіне әрекет ететін өзге де тұлғаларға тікелей немесе жанама, жеке немесе қандай да бір делдалдық арқылы сол немесе өзге елде бизнес жүргізу тәжірибесіне қарамастан, сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

9.4 Қоғам басшылығы корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

9.4.1 активдердің сақталуын қамтамасыз етуге және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге байланысты қажетті шараларды жүзеге асыру;

9.4.2 корпоративтік алаяқтықтың және/немесе сыбайлас жемқорлықтың болу белгілеріне уақтылы тексеру жүргізу;

9.4.3 қоғам және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмыскерлерін жауапкершілікке тарту бойынша, егер олардың қызметтеріндегі бұзушылықтар корпоративтік алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға әкелсе қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз ету.

9.5 Қоғамның басшылары мен жұмыскерлері тұрақты негізде алаяқтық

және/немесе сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды және баға берді, өз жауапкершілігінде (бизнес-үдерістер) алайқтық және/немесе сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі іс-шараларды өзірлейді және орындайды. Осы мақсатта олар:

9.5.1 ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін, есеп беру, бақылауға алу және шешімдер қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге;

9.5.2 корпоративтік алайқтық және/немесе сыйбайлас жемқорлық тұрғысынан осал процестер мен рәсімдерді анықтауға;

9.5.3 сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қабылдауға;

9.5.4 алдын ала тексеру және/немесе қызметтік тексеру жүргізетін жұмыскерлерге/комиссияға сұрау салынған материалдарды уақтылы ұсыну немесе үй-жайға/объектілерге қол жеткізуге жәрдесуге;

9.5.5 Қоғамның қауіпсіздік және режим жөніндегі директорын корпоративтік алайқтықтың және/немесе сыйбайлас жемқорлықтың болу белгілері немесе оларды өз жауапкершілігі аймағында жасау әрекеттері туралы уақтылы хабарлауға міндетті.

9.6 Өз іс-әрекеттерінің заңдылығы мен олардың осы Саясаттың ережелеріне сәйкес келетініне күмән туындаған жағдайда, Қоғам жұмыскері осы мәселе бойынша Қоғамның тікелей басшысымен немесе іскерлік этиканы сақтауға жауапты-Омбудсменмен кеңескен жөн.

9.7 Осы Саясаттың қағидаларын бұзған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған және өзге де қолданыстағы заңнамалар тәртібі және негіздері бойынша тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

## «ҮМЗ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. «ҮМЗ» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарты ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қоғам жұмыскерлері үшін қызметтік функцияларды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылық және моральдық бағдарлар жүйесін құру арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбестік ахуалына жетуге бағытталған.

3. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: уран, бериллий, тантал, ниобий өнімдері мен балқытқыш қышқылының жоғары технологиялық түрлерін өндіру, қайта өндеу және сату, әлемдік нарықта ядролық-отын циклінің азық-түлік желісін жеткізу.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары:

4.1 зандық;

4.2 транспаренттілік;

4.3 әдептілік;

4.4 жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерінің сакталуын және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

4.5 мұдделер қақтығысын болдырмау.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қоғамның барлық жұмыскерлеріне мынадай тәртіп нормаларын анықтайды:

5.1 Зандылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының және қоғам қызметіне қолданылатын өзге де елдердің зандары мен өзге де құқықтық актілер талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау.

5.2 Жеке және занды тұлғалардың құқықтық мұдделерін, бостандықтарын, занды сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету.

5.3 Қоғамның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу.

5.4 Тікелей басшыға немесе қауіпсіздік және режим жөніндегі директорға мұдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке мұдделілік, сыбайлас жемқорлық тәртібі және сыйлықтар алуға бейімділік туралы баяндау.

5.5 Белгіленген өзара қарым-қатынас тәртібін бұзатын, әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен, әріптестерге және басшыларға жүгінуден бас тарту.

5.6 Басқа жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеу және мұндай әрекеттерге ынталандырмау.

5.7 Мұліктік және мұліктік емес игліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік немесе басқа ақпаратты пайдаланбау.

5.8 Егер өздерінің жақын туыстары (ата-анасы (ата-анасы), балалары,

бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері) және (немесе) жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілер, апа-сіңлілер, ата-аналары мен балалары) атқаратын лауазымдарға тікелей бағыныста болса, Қоғамда басқару функцияларын атқаратын лауазымға тағайындаудан бас тарту.

5.9 Қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мұдделерді басшылыққа алмау.

5.10 Мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау.

5.11 Мұдделер қақтығысының, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарларының туындау ықтимал себептер мен жағдайларды жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау.

5.12 Табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдемдесуден бас тарту.

5.13 Үшінші тұлғалардың мұдделерін білдіруденұсынудан немесе лоббирлеуден, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан бас тарту.

5.14 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуға белсенділік таныту.

5.15 Қоғамның қауіпсіздік және режим жөніндегі директорына немесе басшыға сыйбайлас жемқорлықтың белгілі фактілері, оның ішінде материалдарды жедел қарау үшін қандай да бір пайда алуға не әуреге салу фактілері туралы дереу баяндау.

5.16 Өкімді орындау үшін алынғаның зандылығына күмән келтіргені туралы тікелей басшысыға немесе Қоғамның қауіпсіздік және режим жөніндегі директорына жазбаша нысанда дереу хабарлау.

5.17 Егер тікелей басшының өзі мұдделер қақтығысына қатысты болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну немесе Саясатта көзделген Қоғамның қолда бар байланыс арналарын пайдалану.

5.18 Әріптестерден сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету.

5.19 Материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ Қоғамның басқа мүлкін және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсатта пайдаланбауға.

6. Барлық денгейдегі басшыларға бағыныстылармен қарым-қатынаста:

6.1 Кадрларды туыстық, жерлестік және жеке өзіне берілген белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету.

6.2 Бағынысты жұмыскерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты анықтау.

6.3 Бағыныстағы жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу.

6.4 Бағыныстылар қызметтінің нәтижелерін бағалау кезінде әділдік пен объективтілік, сондай-ақ көтермелей және жазалау шараларын қолдану.

6.5 Қарамағындағыларға нақты орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінен тыс, сондай-ақ зандарға қайшы келетін өкімдер бермеу.

6.6 Бағынысты жұмыскерлерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлемеу.

6.7 Бағынысты және басқа да жұмыскерлер тараапынан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзушылық фактілеріне жол бермеу және бетін қайтару.

6.8 Бағынысты жұмыскер өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөнінде уақтылы толық шаралар қабылдау.

6.8 Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша толық шаралар қабылдау.

6.9 Бағыныстылардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауларына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою.

6.10 Қарамағындағыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу.

6.11 Өзінің мінсіз тәртібімен бағынысты жұмыскерлерге үлгі көрсету.

7. Барлық деңгейдегі басшылар осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын қамтамасыз етеді және оларға бағынысты жұмыскерлер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты үйымдастырады.

## Корпоративтік алаяқтық және сыбайлас жемқорлық мысалдары

Корпоративтік алаяқтықтың төменде келтірілген мысалдары халықаралық және қазақстандық тәжірибеге негізделген. Бұл ретте «ҮМЗ» АҚ жұмыскерлері өз іс-әрекеттерінің нәтижесінде корпоративтік алаяқтықтың осындай жағдайларына жауапты болады деп түсініледі. «ҮМЗ» АҚ жұмыскерлері еншілес және тәуелді ұйымдар, үшінші тұлғалар тараپынан жіберілген қателер, қате басулар, қателіктер көрінеу (қасақана) бұрмаланған немесе жалған деректерге негізделген жағдайда корпоративтік алаяқтық белгілері бар осындай әрекеттер үшін тиісінше, еншілес және тәуелді ұйымдардың жұмыскерлері мен үшінші тұлғалар жауапты болады.

### Инвестициялық қызмет:

- жалған негіздеумен және келісумен (Қоғамның қажеттіліктерін негізге ала отырып, уәкілетті алқалы орган іске асыруға бекіткен жобаларды қоспағанда) тиісті негіздеусіз және келісусіз Қоғам қызметіне тиімді әсерін тигізбейтін, Қоғам қызметіне жатпайтын инвестицияларды (жобаларды) қаржыландыру;
- инвестициялық қызметке бөлінген қаражатты тиісті негіздеусіз және келісусіз не жалған негіздеумен және келісумен мақсатсыз пайдалану;
- инвестицияларды және т.б. жүзеге асыруда қол жеткізілген экономикалық тиімділік туралы деректерді бұрмалау.

### Қаржылық есептілікті қасақана бұрмалау:

- жалған активтерді, шығыстарды, түсімдерді, міндеттемелерді көрсету не оларды жасыру;
- негіздемесі жоқ шығындарды капиталдандыру;
- активтерді бағалау және бағалау көрсеткіштер, резервтер (негізгі құралдар, курделі салымдар, қаржылық салымдар, қорлар және т.б.) манипуляциялары;
- есепті кезең фактілерін басқа кезеңде көрсету;
- қаржылық нәтижелер, мүліктік жай-күйі, ақша қаражатының қозғалысы, қаржылық есептілікке түсіндірмелерде шаруашылық өмірдің өзге де фактілері және т.б. туралы ақпараттың тиісті ашылмауы.

### Сатып алу:

- жеке мақсаттар немесе белгілі бір өнім берушіден қандай да бір пайдаға ауыстыру мақсатында тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге тапсырыс беру;
- жақын туысына, жұбайына (зайыбына) не жекжатына жататын сатып алушы үйымдастыру тиісті рәсіміне қатыспай отыра контрагенттен тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге тапсырыс беру;
- бір көзден сатып алушы өткізу кезінде (орташа нарықтық бағаларды

анықтауға мүмкіндік беретін құрал болған кезде) орташа нарықтық бағадан едәуір жоғары (30% және жоғары) баға бойынша тауарлар, жұмыстар немесе қызметтерге тапсырыс беру;

- шартта жазылған жұмыстарға ұқсамайтын жұмыстарды бөгде кенесшімен орындау;
- сатып алуды жүзеге асыру сәтінде бөгде ұйым жалған кәсіпорын болып табылады, бұл оффшорлық юрисдикцияда және т.б. тіркелген ұйымдарды қоса алғанда, сот шешімінің негізінде дәлелденеді;
- шотта көрсетілгенмен салыстырғанда тауарлардың аз мөлшерін кіріске алу, бірақ толық соманы төлеу;
- Тапсырыс жасалмаған жалған шоттарды жасау немесе ұсыну;
- сатып алу рәсімдерін жүргізу дегі бұзушылықтар;
- Шартта көзделмеген жұмысқа/қызметке тапсырыстар;
- қызметтердің жалпы және анық емес сипаттамасын қамтитын «консультациялық қызметтер көрсету» шарттары.

#### **Қызметтерді, жұмыстарды төлеуге арналған өтінімдер:**

- қызмет көрсетілмеген жұмыс, қызметтер үшін төлем;
- іс жүзінде көрсетілгеннен де көп қызметтер, жұмыстар көлемі үшін төлем;
- өз бетінше Қоғаммен төленген немесе көрсетілген қызметтерді үшінші тұлғалардан қайта сатып алу;
- бөгде агенттерге немесе консультанттарға шамадан тыс комиссия (20% және жоғары);
- қызметтер, жұмыстар және т.б. көрсететіндерден бөлек бөгде ұйым төлемді басқа юрисдикция банк шоттарына төлеуді сұрайды.

#### **Мұлік және активтер:**

- қоғамның және/немесе оның еншілес, тәуелді ұйымдарының (негізгі құралдар, бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), мұліктік құқықтар және т. б.) активтерін ұрлау және (немесе) мақсатсыз пайдалану;
- қоғамның және/немесе оның еншілес, тәуелді ұйымдарының активтерін пайдакүнемдік (теріс пайдалану) және т. б. мақсатта пайдалану.

#### **Касса және ақшалай түсімдер:**

- тиісті құжаттамасыз ақша қабылдау;
- ақша қаражатын және т.б. ұрлауды жасыру үшін құжаттарды түзету және т. б.

#### **Жалақы:**

- ақша қаражатын төлеу кезінде ақтаушылық құжаттарға енгізілген жалған жұмыскерлер үшін ақша қаражатын алу;
- артық жұмыс істегіні үшін қосымша төлем алуға қандай да бір негізсіз жұмыс істеген сағаттарды көтеру;
- Қоғам және/немесе оның еншілес, тәуелді ұйымдары төлейтін жұмыс уақытына еңбек шартында қарастырылмаған басқа ұйымда қоса атқарып жүрген жұмысты орындау;
- еңбек шартында және т. б. қарастырылмаған Қоғам және/немесе оның еншілес, тәуелді ұйымдары төлейтін жұмыс уақыты үшін басқа ұйымнан

акы алу.

**Іссапарға аванстық есептер:**

- жүзеге асырылмаған іссапарлар шығындарын өтеуге сұрау салу;
- қызметтік тапсырмада және т.б. қарастырылмаған сапарларға шығыстарды өтеу.

**Басқа аванстық есептер:**

- өкілдік шығыстарды өтеуге төмендетілген, жоғары немесе жалған өтінімдер;

- үшінші тарап төлеген шығындарды өтеуге өтінім беру;
- Қоғамның немесе Қоғам кәсіпорнының жергілікті нормативтік құжаттарында қарастырылмаған, сондай-ақ Қоғам Басқармасы Төрағасының немесе Қоғам кәсіпорнының және т.б. нұсқаулары болмаған шығындарды экономикалық негізсіз өтеу.

**Мұдделер қақтығысы:**

- Қоғамда басқару функцияларын атқаратын, тікелей немесе жанама басқарудағы немесе жақын туысының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжатының меншігіндегі (тікелей немесе жанама) контрагентпен келісімшарт жасасатын тұлға;

- Қоғамда немесе Қоғамның еншілес, тәуелді үйымында басқару функцияларын атқаратын тұлғамен байланысты бөгде үйим;

- бөгде үйымның Қоғамда немесе Қоғамның еншілес, тәуелді үйымында басқару функцияларын атқаратын тұлғаның нұсқауы немесе талабы бойыншаған мәмілеге қатысу;

- Қоғамда немесе Қоғамның еншілес, тәуелді үйымдарында басқару функцияларын атқаратын тұлғада онымен іскерлік өзара қарым-қатынастардың болуы салдарынан жұмыскер, контрагент өкілі жасаған теріс пайдаланушылық туралы ақпаратты жасыру;

- Қоғамға, Қоғамның еншілес немесе тәуелді үйымына жұмысқа қабылдау, не жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе Қоғамда, Қоғамның еншілес немесе тәуелді үйымына басқару функцияларын атқаратын тұлғаның жекжаттары үшін оларға талап етілетін құзыреті болмаған жағдайда немесе неғұрлым білікті кандидаттарға нұқсан келтіретін басымдылықты және (немесе) артықшылықты белгілеу.

**Қайырымдылық, демеушілік:**

- қаражатты пайдалану туралы есептерсіз қайырымдылық түрінде қаражат аудару;
- мемлекеттік қызметшілердің заңсыз шешімдері үшін демеушілік және қайырымдылық түріндегі төлемдер;
- игілік алушының қызметі қайырымдылықтың басым мақсаттарымен байланысты емес;
- негізделмеген экономикалық нәтижесіз және т.б. демеушілік.

## МІНДЕТТЕМЕ

Мен, \_\_\_\_\_,  
(Т. А. Ж.)

«Улбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамында («YMЗ» АҚ) басқару функцияларын орындау кезінде, Қазақстан Республикасының 18.11.2015 ж. №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабының талаптарына, «YMЗ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша саясатына сәйкес, сыйайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіме қабылдаймын:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен үйлесімсіз қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайларының және жекжаттарының бірге қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермеу;
- 3) мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерді атқаруға байланысты сыйлықтар қабылдау.

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

«\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_ ж.

Бекітті:

(лауазымы, Т. А. Ә., «YMЗ» АҚ персонал жөніндегі директор қызметі жұмыскерінің қолы)

«\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_ ж.